

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2022 жылғы 14 сәуір**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң жобасына бір топ Парламент депутаттары бастамашы болды.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Төраға, құрметті сенаторлар! Назарларыңызға Парламент депутаттары бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Бұл заң жобасының қабылдануы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында, сондай-ақ Парламенттің жетінші шақырылымының бірінші сессиясының ашылуында айтқан бастамаларының маңызды да ажырамас бөлігі болып табылады. Президент балалардың қауіпсіздігі мен олардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге,

сонымен қатар азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша заңнамалық іс-шаралардың қажеттігіне баса назар аударғанын білесіздер.

Заң жобасын дайындаған кезде балаларды қорғау саласындағы халықаралық стандарттар, дамыған мемлекеттердің халықаралық тәжірибесі де ескерілді.

Жобада 2 кодекс пен 10 заңға енген өзгерістер балалар құқығын мемлекеттік қорғаудың шараларына қатысты қоғамдық қатынастарды реттеу жүйесін нығайтуды қарастырып отыр.

Заң жобасының негізгі қағидаларымен толығырақ таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер:

1. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске, егер кәмелетке толмаған балаға туысы, өгей әкесі (шешесі) тұлғасында дереу қамқоршы тағайындау қажет болса, тиісті органдар психологиялық даярлықтан өткізбестен қамқоршылықты белгілеуге құқылы болады. Қазіргі заңнама бойынша баланы алу үшін 1 жыл психологиялық дайындықтан өту керек.

2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оңалту орталықтарын тек астанада, облыстарда, қалаларда ғана емес, аудан орталықтарында қолданыстағы ауруханалар мен емханалардың базасында құру бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыреттілігі бекітіледі.

Аталған норма ауылдық, аудандық елді мекендегі ерекше қажеттілігі бар балалар үшін тұрақты оңалту қызметтерін қолжетімді етпек. Үнемі медициналық процедураларға мұқтаж балаларды толыққанды қамтуға жол ашады.

3. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу үшін есепке қоюдың мерзімін 6 айдан 3 айға дейін қысқарту бойынша түзетулер енгізіледі. Осы мерзімнің жеткілікті екенін тәжірибе көрсетіп отыр.

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңға «баланы жәбірлеу (буллинг)» түсінігі енгізіледі. Буллинг – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау немесе қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер.

Мұндай түсінік мектеп оқушылары арасында өткізілген әлеуметтік сұраулардың нәтижесінде заңнамалық деңгейде алғаш рет енгізіліп отыр және кәмелетке толмағандардың ортасында зорлық-зомбылық, кемсіту, қысым көрсетудің алдын алудың, ересектердің балаға қарым-қатынасының маңызды тармағы болып табылады.

Норма ғаламтор кеңістігінде жасалған осындай әрекеттерге де қатысты. Заң жобасы арқылы балаға ғаламтор кеңістігінде жасалған кибербуллинг деректерін қарау, алып тастау мәселелері бойынша арыз тәртібі де қарастырылып отыр.

Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін, яғни балаға физикалық немесе психикалық күш көрсетуден, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дөрекілікпен қараудан, оны қорлаудан қорғайды. Енді «баланы буллингтен қорғау» құқығы да бекітіледі.

Осы заң жобасында білім беру саласындағы уәкілетті органға психологиялық қызметтердің жұмыс ережесін, баланы қудалаудың (буллингтің) алдын алу қағидаларын

әзірлеу мен бекіту бойынша құзыреттілік беру көзделіп отыр. Бұған дейін бұл өкілеттілік жергілікті атқарушы органдарда болды, жұмыс нәтижесі мардымды болған жоқ. Суицидке байланысты статистиканы сіздер білесіздер.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңға енгізілген тағы бір мәселе – кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына 3 жастан 18 жасқа дейінгі қараусыз, қорғансыз қалған балалар уақытша орналастырылады. Осыған дейін өкілетті функциялар бойынша бұл орталықтарда баланың ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау ғана қажет болса, енді осы балаларды беру турасындағы қызметі нақтыланып отыр.

5. «Білім туралы» Заңға бірқатар түзетулер енгізілуде. «Ұлттық білім беру дерекқоры» ақпараттық жүйесінің білім беру саласындағы әкімшілік және өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және талдау бойынша функциялары айқындалады. Онлайн-оқытуды енгізуге бағытталған түзетулер бар. Сондай-ақ бұрын университеттерде академиялық дербестік болатын болса, енді колледждерге де осындай академиялық дербестік беру көзделіп отыр.

Бұдан басқа мұғалімдердің қайта даярлаудан өтуі бұрын бес жыл болатын болса, енді үш жыл сайын қайта даярлаудан өтіп отыратын болады.

Жоғары оқу орындарының білім беру сапасын арттыру, сондай-ақ олардың қоғам, мемлекет, студенттер, ата-аналар қоғамдастығы алдындағы жауапкершілігін күшейту мақсатында жаңа жоғары оқу орындары үшін лицензияның, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары үшін олар кадрлар даярлаудың жаңа бағыттарына лицензия қосымшаларын алған кезде 5 жылдық қолданылу мерзімін енгізу көзделеді.

Білім беру ұйымдары лицензиясынан айырылып қалған кезде оқушылардың құқығы қорғалу керек, сондықтан лицензиясынан айырылған оқу орны оқуын жалғастыру үшін студенттерді басқа жоғары білім беру ұйымдарына ауыстыруы және олардың жеке істерін жіберілген оқу орындарына тапсыруы тиіс.

Заң жобасы арқылы соңғы үш жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және халықаралық конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне жоғары білім беру ұйымдарына грант беру арқылы қабылдау шарттары да реттеліп отыр.

6. «Педагог мәртебесі туралы» Заңға жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған педагогқа бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақы көтермелеу қаралып отыр.

7. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қызмет көрсету кезінде әлеуметтік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері нақтыланады. Әлеуметтік қызметкер кәсіби мінез-құлық, этика нормаларын сақтауы тиіс және әлеуметтік қызмет кезінде жеке жоспар бойынша жұмыс істеуге міндетті болады.

8. Жобада «Байланыс туралы» Заң мен «Ақпараттандыру туралы» Заңға бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органның құзіретін коммуникация желілеріндегі ұлттық заңнаманы сақтау бөлігінде өзара іс-қимыл мәселелерімен нақтылау ұсынылып отыр.

Шетелдік онлайн-платформалар және лездік хабар алмасу қызметтерінің заңды өкілдерінің мәртебесі мен міндеттері нақтыланады.

Осы екі заң шеңберінде әлеуметтік желілердің жұмысын реттеу мәселелері туралы өзгерістер жұртшылықтың алаңдатушылығын тудырып, әлеуметтік желілерде талқылаулар болып жатыр. Оны сіздер жақсы білесіздер деп ойлаймын.

Заң жобасына енгізілген бұл түзетулер Парламенттің қос палатасында қызығушылық танытқан мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестік өкілдері және басқа да құлықты тұлғалардың қатысуымен бір жыл көлемінде жан-жақты қарастырылды.

Өзгерістер балаға қатысты кез келген күш көрсетуден, соның ішінде отбасылық қатынастар, білім беру, денсаулық, ақпараттық кеңістік саласындағы орынсыз әрекеттерден қорғау механизмдерін дамытуды күшейтуге жол ашады және балалар құқығын қорғау мәселесіне нақтылық енгізеді деп есептеп отырмыз. Сонымен қатар Мемлекет басшысы ұсынған бастамаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар! Сіздерден заң жобасын тұжырымдамалы түрде бірінші оқылымда қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Білім және ғылым министрлігіне арналады.

Құрметті Шолпан Таңатқызы! Бүгінде елімізде баланы жәбірлеу, қорлау, қорқыту, қудалау өте өзекті және қауіпті мәселенің бірі болып отыр. Ол балалардың психологиясын бұзып, тікелей суицидке алып баратын жол екені айдан анық. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің ресми деректеріне сәйкес жасөспірімдер арасында 2020 жылы 143 суицид оқиғасы, 306 суицид жасау әрекеті орын алған болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш өсіп, 175 суицид оқиғасы, 375 суицид жасау әрекеті тіркелген екен.

Осыған орай сұрақ:

Қаралып отырған заң жобасына балаларды бүгінгі айтылып отырған буллинг пен кибербуллингтен толықтай қорғайтын жеке арнайы норма неге енгізілмеген?

Сондай-ақ жобада өркениетті елдердегі сияқты орта білім оқу орындарының бірінші басшысының, не қудалауға кінәлінің жауапкершілігін арттыратын нақты нормалар неге көзделмеген? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі Каринова Шолпан Таңатқызы, жауап беріңіз.

КАРИНОВА Ш.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Рысқали Қалиақбарұлы! Аталып отырған заң жобасына – бала құқықтарын қорғау заңына баланы қудалау және қудалауға жол бермеу бойынша негізгі тетіктер енгізіліп отыр. Осы жұмысты іске асыру үшін біріншіден, «қудалау (буллинг)» ұғымы енгізіліп отыр. Сонымен қатар Білім және ғылым министрлігіне бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган ретінде осы қудалаудың алдын алу бойынша ережелерді

жасаудың құзыреттілігі енгізіліп отыр. Осы ережелердің көлемінде балаларды қудалауды болдырмау және оның алдын алу және оның тиісті тетіктері мен нысандарын белгілеу, оның ішінде педагогтардың жауапкершілігі, білім беруге қатысты басқа да адамдардың жауапкершілігін реттеу бойынша ереже қабылданатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауапкершілікке байланысты. Мысалы, сол мектептің директорының жауапкершілігі немесе сондай буллингті ұйымдастырған балалардың жауапкершілігі.

КАРИНОВА Ш.Т. Түсінікті.

Бүгінгі күнгі қолданыстағы «Білім туралы» Заңда жалпы мектеп директорына қатысты балалардың құқықтарын қорғау бойынша және олардың денсаулығына, оқуына зиян келтіру бойынша осы орайда норма бар. Егерде бұл жағдайлар бұзылған болса Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде тиісті шаралар көрсетілген. Бұл жерде баланың денсаулығына жеңіл зиян келтірілген болса 50 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі жазалау нормалары қолданыста бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Сұрақ Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Қадыров Данияр Рамазанұлына. Заң жобасында балаға қатысты кибербуллинг фактісін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі баланың ата-анасынан өтініш түскен күннен бастап 3 күн ішінде белгілейтіні көзделген.

Осыған байланысты сұрақ:

Уәкілетті орган балаға қатысты кибербуллинг фактісін қалай анықтайды? Осының тетіктерін (механизмін) айтып берсеңіз. Ол үшін министрлік қызметкерлерінің профиліне байланысты олардың қызмет бағытына кірмейтін сараптама жүргізу және арнайы білімі болу қажеттілігі талап етілмейді ме?

Балаға қатысты кибербуллинг туралы өтініштерді қарау тәртібін нақтылау және осы мақсатта сарапшылар тобын құру туралы пікірге қалай қарайсыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Данияр Рамазанұлы, жауап беріңіз.

ҚАДЫРОВ Д.Р. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Расында да кибербуллинктің тікелей фактілеріне қатысты арыздар мен өтініштерді қарастыруды министрлікке қарасты ақпараттық талдау орталығының күшімен іске асыру көзделген болатын. Егерде өтініш, не болмаса арыз кең салалы зерттеуді талап етсе, онда құзыретті министрліктерге талдауға (келісілуге) жолданылатын. Негізі 3 күннің ішінде қаралады, егер толық толықтырулар керек болса, онда 15 күн қаралады.

Сарапшылар тобы туралы ұсынысты толығымен қолдаймыз. Біріншіден, бұл уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Негізі министрлік тарапынан бекітілген жауапты мемлекеттік қызметкер қарамай, осы өтініштерді қарайтын сарапшылар тобының ішіне психологтар

кіру керек, лингвистер кіру керек. Соған байланысты сарапшылар тобын құруды толығымен қолдаймыз. Бұл ең алдымен уақытты үнемдеуге және сапалы қарауға мүмкіндік береді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым министрлігіне.

Қарастырып отырған заң жобасы бойынша отбасының баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдаған кезден бастап бір жыл ішінде психологиялық даярлықтан өтуі қарастырылған.

1. Бұл шараны өткізу тәртібі қаншалықты жолға қойылған, қандай мекеме ұйымдастырады және шалғай жатқан елді мекендердің жол ерекшеліктері назарға алынған ба?

2. Қаржыландыру мәселесі қандай дәрежеде?

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

КАРИНОВА Ш.Т. Құрметті Бақтыбай Ақбердіұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл жерде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау мәселесіне қатысты. Атап айтсақ, бүгінгі күні біздің елімізде 18 мыңнан аса бала ата-анасыз, жетім қалған балалардың санатында. Өкінішке қарай, қамқорлыққа алған отбасылардан былтырғы жылдың өзінде 168 бала кейін қайтарылды. Бұл – балалардың денсаулығына, олардың психикасына өте зиян келтіретін жағдай. Осыған байланысты енгізіліп отырған нормада көзделген психологиялық қолдау шаралары семьяларға өте қажет. Бүгінгі күні бұны атқаратын тетіктер бар, қазіргі қолданыстағы заңда Білім және ғылым министрлігі осы психологиялық қолдау бойынша оқыту жұмыстарының негізгі талаптары мен тәртіптерін бекітті. Ол қазіргі күні министрліктің бұйрығымен реттелген. Оның ішінде ол семьяларды оқытуға байланысты 42 сағаттан 60 сағатқа дейінгі бағдарламаның болуы және бұны оқытатын ұйымдар қазіргі күні қызмет етіп тұрған балалар үйлері мен 2018 жылы қабылданған заң төңірегінде елімізде балаларды қазақстандық отбасыларға беруге жұмыс істейтін ұйымдар өткізе алатындығы заңда көрсетілген.

Бағдарламаға талап бар, сонымен қатар бұл өткізудің форматы онлайн және офлайн болуы мүмкін. Бұл тәрбиеге алған ата-аналардың өзінің мүдделеріне байланысты. Офлайн оқимын дейтін болса келіп оқуларына жағдайлар жасалған, ал егер онлайн түрде оқитын болса оның да жағдайлары қарастырылған. Сондықтан шалғай жердегі, ауылдағы адамдардың да мүдделері осы тәртіптің ішінде қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханович.

Мои вопросы адресованы вице-министру информации и общественного развития.

Согласно поправкам, вносимым в статью 4-3 Закона «О средствах массовой информации», Министерство информации и общественного развития будет определять порядок ограничения доступа к запрещенной информации. При этом четкие критерии определения, что является запрещенной информацией, в проекте закона отсутствуют.

Помимо этого, законопроект предусматривает ведение министерством единого реестра учета интернет-ресурсов, размещающих информацию, запрещенную или иным образом ограниченную к распространению законами. Вместе с тем Закон «О связи» уже сейчас предусматривает возможность приостановления по представлению Генерального Прокурора работы сетей и средств связи, если они используются в преступных целях, в том числе для целей пропаганды сексуальной эксплуатации несовершеннолетних и детской порнографии.

В этой связи следующие вопросы.

Не являются ли отмеченные поправки чрезмерной регламентацией уже существующих норм Закона «О связи»?

Не повлечет ли отсутствие четких критериев определения запрещенной информации сложностей в правоприменении и, как следствие, возможности приостановления работы интернет-ресурсов по усмотрению уполномоченного органа?

Почему в законопроекте, основная концепция которого направлена на защиту прав ребенка, не включены нормы по приостановлению работы сетей и средств связи в случаях их использования в целях кибербуллинга в отношении ребенка? Спасибо.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ҚАДЫРОВ Д.Р. Спасибо за вопросы.

Вы правильно отметили, что в законах «О средствах массовой информации» и «О связи» предусмотрены критерии противоправного контента, как терроризм, экстремизм. В связи с этим поправки направлены на систематизацию и обеспечение прозрачности в деятельности государственных органов и организаций в борьбе с противоправным контентом.

В частности, по отсутствию критериев кибербуллинга отмечу, что по рассмотрению обращений по фактам кибербуллинга в отношении детей включены отдельные нормы с ускоренным порядком рассмотрения. Здесь надо понимать, что в законах «О средствах массовой информации» и «О связи» эти критерии определены, и они регулируются Административным, Уголовным кодексами. Но здесь упускается время. Как я говорил, здесь время очень важно, потому что кибербуллинг – это незащищенность ребенка, ребенок очень переживает за размещение какого-то поста или контента в социальных сетях, интернет-ресурсе. Поэтому здесь отдельным пунктом определено понятие «кибербуллинг», также включено в законопроект, что срок рассмотрения три дня, чтобы за три дня определить и принять ускоренные меры.

Еще раз скажу, что по критериям будет рассматриваться совместно с министерством и аналитической экспертной группой, которая будет рассматривать заявления или обращения родителей или законных представителей ребенка.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ләззат Жаңылысқызы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біз қарастырып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық көріністерін, оның ішінде отбасылық қатынастар, білім беру және ақпараттық кеңістік салаларында қорғау тетіктерін іске асыру бойынша нормаларды қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының академиялық дербестігін, жоғары оқу орындарында білім беру қызметінің сапасын арттыру, дарынды балалар мен ұстаздарды қолдау, жоғары оқу орындарына лицензия беру тәртібін енгізу қарастырылған.

Заң жобасы бойынша бастамашы топтың атынан сенатор Ләззат Жаңылысқызы жан-жақты баяндап берді.

Заң жобасын тұрақты комитеттер мен Сенат Аппараты қарады. Нәтижесінде 26 позициядан тұратын ескертулер мен ұсыныстар түсіп, Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитетіндегі жұмыс тобының жеті отырысында жан-жақты талқыланды. Сонымен бірге заң жобасына қатысты халықаралық және мемлекеттік емес ұйымдар мен жеке тұлғалардан жиырмаға жуық өтініш келіп түсті. Ол өтініштер де заң жобасын талқылау барысында қаралды. Бұдан басқа заң жобасындағы балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шаралар аясында уәкілетті органға өз шешімімен интернет-ресурстарды бұғаттау бойынша құзырет беру мәселесі қоғамда қызу талқыланып, наразылық акциялар өтті. Бірқатар ұсыныстар мен қарсы пікірлер айтылуда. Бас комитеттің пайымдауынша бұл нормаларға қатысты қоғамның пікірі ескерілуі тиіс.

Сонымен бірге заң жобасындағы балаға қатысты интернет-ресурстарда кибербуллинг фактілері туралы өтініштерді қарауды реттейтін және осыған байланысты кибербуллинг белгілері мен фактілері жөніндегі сараптама жүргізу туралы норма бойынша сараптаманы жүргізу тетіктері қандай болады, уәкілетті орган интернет ресурстардағы кибербуллинг фактілерін қалай анықтайды деген заңнамалық айқындауды қажет ететін сұрақтар бар.

Сондай-ақ заң жобасында қолданыстағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға интернет желісінде құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде балаларды жәбірлеу (буллинг) бойынша контентті интернет-ресурстарға қолжетімділікті тоқтата тұру және қайта қалпына келтіру тәртібін айқындау мәселелері бойынша уәкілетті органның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін жүргізу және айқындау жөніндегі құзыретін белгілеу ұсынылған. Алайда бұл нормалар жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігі, құқықтары мен міндеттері мәселелерін тікелей қозғайды, демек олар заңға тәуелді актімен емес, заңмен реттелуі тиіс.



Заң жобасы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында қаралды, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанның негізінде Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Динар Жүсіпәліқызы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет.

Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер! Бүгінгі Сенат отырысында қаралып отырған заң жобасы Парламент қабырғасында екі жыл бойы талқыға түсті. Заң жобасы балалар құқығына байланысты болғандықтан ата-аналар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан үлкен қызығушылық пен әртүрлі пікірталастар тудырды. Ол заңды да, өйткені бұл барлығымыз үшін ең қымбат құндылығымыз болып табылатын біздің балаларымыз бен немерелеріміздің тағдыры.

Бала – қоғамның ең нәзік, әрі қорғансыз мүшесі екенін ескерсек, бұл заңның қажет екені даусыз. Кибербуллинг құрбандары Қазақстанда күннен-күнге көбейіп барады. Еліміздегі 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жеткіншек кибербуллингтің құрбанына айналады екен. Жасыратыны жоқ, қазір біздің балаларымызды интернет тәрбиелеп жатыр. Ата-аналардың, мектептердің ықпал ету аймағы әлсіреп, нәтижесінде балаларымыздың 80 пайызы телефон мен компьютерге тәуелді болып қалғаны жасырын емес. Сондықтан да интернеттегі бала тәрбиесін, бала құқығын үнемі назарда ұстап, балаларымыздың тағдырына төнген бұл дертке заң жүзінде мемлекет араласу керек.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, бір тәулік ішінде әлеуметтік желілердегі кибербуллингке қатысы бар материалдарды бұғаттайтын немесе жоюды талап ететін заң Германия, Франция, АҚШ, Жаңа Зеландия сияқты дамыған мемлекеттерде қабылданған. Америка Құрама Штаттарының қырықтан астам штаттарында кибербуллингке қолданылатын қылмыстық жаза өте қатаң. Сондықтан да бүгінгі талқыға түсіп жатқан заң жобасындағы кәмелетке толмағандар арасында жәбірлеу көріністерінің алдын алу мақсатындағы заң нормаларын толық қолдаймын.

Сонымен қатар Президенттің халыққа ұсынған «Жаңа Қазақстан» идеологиясын, оның ішінде саяси көзқарастар бәсекелестігі мен ақпараттық ашықтықты жүзеге асыру үшін азаматтарымыздың әлеуметтік желіні толыққанды пайдалануына осы қабылданатын түзетулер кедергі болмауы тиіс. Әлі де тиісті мемлекеттік органдар, қоғам және сарапшылар қауымымен бірлесіп кибербуллингпен күресудің тиімді тетіктерін жетілдіру,

әсіресе оның алдын алу, бұған дейін болған құқық бұзушылықты жан-жақты зерттеу қажет деп есептеймін.

Білім беру саласына қатысты заң жобасына елеулі толықтырулар енгізілу көзделген. Айта кетуіміз керек, тек соңғы екі жылда еліміздегі «Білім туралы» Заңға 22 рет өзгеріс енгізілген екен. Әрбір өзгеріс білім саласының ішкі жүйесіне әсер етеді, оқу процестерін жоспарлауға, оған дайындалуға өзінің әсерін тигізеді.

«US News & World Report» сарапшылары 2021 жылғы білім беру саласындағы үздік елдер рейтингін әзірледі. Қазақстан 78 мемлекеттің ішінде 71-ші орынға ие болды. Рейтингке қатысатын ТМД елдерінің ішінде Қазақстан тек Өзбекстанды басып озды.

Әлемдік Банктің есебі бойынша Қазақстандағы оқушылардың 3 пайызы ғана қазіргі халықаралық талаптар бойынша сапалы деуге болатын білім алып жатыр. Ал елімізде 3,5 миллион оқушы бар. Соның шамамен 90 мыңы ғана шын мәнінде толық күні оқытылатын бір ауысымдық мектептерде білім алуда. Қалғандары екі не үш ауысымды мектептерде, яғни олар мүмкіндіктері шектеулі білім жүйесінде оқып жүр.

Қазақстан Үкіметі білім саласына жыл сайын миллиардтаған қаржы бөлгенімен, елдегі білім деңгейі осы секілді халықаралық рейтингтер жарияланғанда көрініп қалады. Миллиардтаған қаржы мақсатты жұмсалудың үшін Қазақстанның білім жүйесіндегі екі нәрсе, біріншіден – білім сапасын қадағалау жүйесінің, екіншіден – білім саласындағы кәсіби біліктілікті қадағалау жүйесінің тәртібі өзгеру қажет.

Халықаралық тәжірибелерде дәл осы екі жүйе билікке тікелей бағынбайды, олар қоғамға бағынады. Мәселен, дәл осы екі жүйені Ұлыбританияда қоғам қадағалап, қоғам бақылап отырады. Билік қаржыландыру міндетін ғана атқарады, ал стратегиялық шешім қабылдауды, басшылық лауазымдарға адамдарды тағайындауды билік шешпейді. Мұндай уәкілеттілікті қоғамға берген. Шетелде жоғарыда айтқан екі органды заң жүзінде құзыреті бар қамқоршылық кеңестер басқарады. Ал бізде лицензия беретін де және берілетін білімнің сапасын тексеретін де орган министрліктің қол астында комитет ретінде жұмыс істейді және Үкіметке білім сапасы туралы есепті өздері әзірлейді. Осыдан кейін білім сапасының төмендеуіне кімді кінәлай аламыз? Бұл абсурд.

Біз Болон процесі туралы көп айттық. Болон процесінің өзі Италияда – бір форматта, Францияда – екінші форматта, Англияда – үшінші форматта, Ресейде мүлдем бөлек. Осындай әртүрлі модельдерді көре отырып, біз білім саласындағы әлі де болса өз жолымызды, өз мүмкіндігімізді таба алмай жүрміз, себебі еліктеу көп. Белгілі бір тұрақты ұстаным жоқ.

Соңғы жылдары Үкімет тарапынан білім саласына қыруар қаражат бөлініп, тиісті заңдар мен бағдарламалардың қабылданып жатқанына қарамастан беріліп жатқан білім сапасы көңіл көншітпейді, құйылып жатқан қаржылық инвестицияның тиімділігі білінбейді. Неге? Не істелмей жатыр? Не істеу керек? Сұрақ көп.

Білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары оқушыларды тек теориялық білім алуға бағыттайды және балаларды логикалық ойлауға, білімді іс жүзінде қолдануға үйретпейді, өмірге дайындамайды. Орта мектеп бағдарламасы шектен тыс кең өмірдегі қажетті тәжірибемен қабыспайды. Басым көпшілігінің академиялық және теориялық сипаты басым.

Заң жобасында орта арнаулы оқу орындары, колледждердің білім беру бағдарламаларын, оның ішінде академиялық дербестігін кеңейту туралы түзетулер бар. Мен қолдаймын. Өте дұрыс мәселе.

Қазір еліміз бойынша 477 мемлекет меншігіндегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жұмыс жасайды. Көпшілігінің аты бар да заты жоқ. Біз өңірлерде жиі боламыз, жергілікті бизнес өкілдерімен кездесеміз. Олар техникалық және кәсіптік мамандарды даярлауға байланысты мынадай ұсынысты жиі айтады. Атап айтқанда, орта техникалық және кәсіптік оқу орындары негізінен ауыл шаруашылығына, құрылыс саласына, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету саласына мамандар даярлайды. Ал бұл салалардың барлығы жеке кәсіпкерлердің қолында. Сондықтан да жұмысшы мамандықтарын даярлайтын оқу орындарын кәсіпкерлерге сенімді басқаруға берсе, біз өзімізге қажетті мамандарды даярлап алар едік дейді. Мемлекет бізге қажетті мамандар даярлау тапсырысына ғана қаржы берсе, қалғанын өзіміз реттеп аламыз дейді. Мен нарықтық қатынаста орта кәсіптік мамандарды даярлауды мемлекеттің мойнынан алып, бәсекелестік ортаға жіберетін уақыт келді деп есептеймін. Көптеген елдерде мемлекеттік тапсырыстарды меншік нысанына қарамастан бәсекелестік ортада шешеді. Бізде техникалық және кәсіптік мамандарды даярлауды барлық облыстық білім басқармалары негізінен мемлекеттік оқу орындарына жоғарыдан бөліп береді. Бұл нарыққа жанаспайтын дүние.

Құрметті әріптестер, Білім және ғылым министрлігі білім саласын жаңартуға көптеген жұмыс жасап жатыр. Алайда бір ғана нәрсе анық, білім саласы – тек бір министрліктің ғана міндеті емес, жалпы ұлттық мәселе, өйткені Жаңа Қазақстан мазмұны мен сапасы мықты мектептен басталу керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қазір қоғам ашық. Ақпараттар тасқыны толастар емес. Осындай ашық-шашық жағдайда балалардың құқығын кім қорғайды? Бүгін біз баланы қорғай алмасақ ертең дала мен қаланы қалай қорғаймыз деген сұрақ туындайды.

Қаралып жатқан заң жобасында жетім балалардың жағдайын жақсартуға, қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу тәртібін жеңілдетуге, тұрғын үй алу үшін есепке қою мерзімін қысқартуға қатысты нормалар көзделген.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың мүддесі үшін өңірлердің жергілікті атқарушы органдарына тиісті медициналық оңалту құрылымдарын құру мәселесі өте орынды деп есептеймін. Сондай-ақ халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін, олардың педагогтарын көтермелеуді көздейтін нормалар білім сапасын арттыратын шығар деп ойлаймын.

«Жәбірлеу (буллинг)», «лездік хабар алмасу сервисі», «онлайн-платформа» сияқты терминдерді бекіту, ірі онлайн-платформалар мен сервистер үшін уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау үшін заңды өкілін айқындау туралы талаптарды нормативтік тұрғыдан бекіту қарастырылған. Алайда заң жобасының кейбір түйткілді тұстары да бар.

Әсіресе «осы заң арқылы сөз бостандығы шектеледі», «сайттардың бәрі бұғатталады» деген пікірлер әлеуметтік желілерде қызу талқыланды. Мәселе балаларды жәбір мен зәбірден қорғауда тұр. Сондықтан ұғымдарды шатастырып алмау қажет. Уәкілетті орган әлеуметтік желіні бұғаттау туралы өз бетінше шешім қабылдай алмайтынын айту керек.

Дегенмен заң жобасын тұтастай қабылдау отбасы институтын, азаматтық қоғамды дамытуға оң ықпал етеді деген үміт бар. Сондықтан заң жобасын қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Бейбіт Өксікбайұлына беріледі.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын және оны Үкіметтің елдегі көктемгі су тасқыны жағдайы бойынша сенаторлар тобының депутаттық сауалына беретін ауызша жауабының алдында қарауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сауалына Төтенше жағдайлар министрінің жауабы жөніндегі мәселе қосымша енгізілген мәселеден кейін қаралатын болды.

Енді күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы, енгізілген құқықтық ережелер мен нормалардың негіздемесі бүгінгі күннің қажеттіліктерінен және елдің келешектегі даму міндеттерінен туындап отырғаны белгілі.

Жалпы заң жобасын қабылдаудан келесі нәтижелер, атап айтқанда, баланың құқықтарын қорғау саласындағы тиімді құқықтық негізді қалыптастыру және заңнаманы жетілдіру, балаларды оларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық көріністерінен, оның ішінде отбасылық қатынастар, білім беру және ақпараттық кеңістік салаларында қорғау тетіктерін іске асыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген нысандарын ерте анықтау және ерте арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту, жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерін ұсыну сапасын арттыру, олимпиада жеңімпаздары – дарынды балалар мен олардың педагогтарын қолдау күтіліп отыр.

Заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданғаннан кейін Сенаттың тұрақты комитеттерінен, Сенат Аппаратынан және қоғам тарапынан келіп түскен бірқатар ескертулер мен ұсыныстар комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Барлық ескертулер мен ұсыныстар тиісті салыстырма кестеге енгізіліп, сіздерге ұсынылып отыр.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1), 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер мен толықтыруды екінші оқылымда Сенат отырысының қарауына енгізді және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 5-тармағына сәйкес оларды Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне жіберуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Динар Жүсіпәліқызы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге алты түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Уважаемые коллеги! Защита интересов детей является одним из приоритетов государственной политики, определенной Президентом страны. Поэтому действующие подходы и правовые механизмы в этой сфере требуют регулярного обновления и своевременной реакции на возникающие проблемы. В этой связи законопроектом охватываются важные вопросы, касающиеся защиты наших детей.

В то же время сенаторы, внимательно изучив предлагаемые законопроектом нормы, с учетом поступивших обращений предложили пересмотреть ряд его положений.

Так, согласно внесенным сенаторами изменениям заявления по фактам кибербуллинга в отношении ребенка будут рассматриваться специально создаваемой для этого экспертной группой. Ранее проект закона относил решение этих вопросов к единоличной компетенции уполномоченного органа.

Кроме того, сенаторами из законопроекта исключены широкие полномочия, позволявшие уполномоченному органу по своему усмотрению ограничивать доступ либо приостанавливать работу интернет-ресурсов, социальных сетей и мессенджеров. Акцент сделан на удалении во взаимодействии с представителями онлайн-платформ только информации, признанной экспертной группой кибербуллингом в отношении ребенка.

Считаем, что такой порядок позволит найти разумный баланс между необходимостью оперативного реагирования на факты кибербуллинга в отношении детей и потребностью общества в информации. На наш взгляд, такой подход соответствует концепции «Нового Казахстана» и логике политических реформ, проводимых в стране по инициативе Главы государства.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Юрий Викторович Ильиннің елдегі көктемгі су тасқыны

жағдайы туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы.

Құрметті әріптестер, бүгінгі Сенат отырысына депутаттық сауалға жауап беру үшін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Ильин Юрий Викторович, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы және бейнеконференц байланысы арқылы Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстары әкімдерінің орынбасарлары қатысып отыр.

Депутаттық сауалға ауызша жауап беру жөніндегі мәселені қараудың келесі тәртібі ұсынылады.

Алдымен сауал жасаған депутатқа сөз беріледі. Содан кейін бейнеролик көру ұсынылады. Бейнероликтен кейін депутаттық сауалға жауап беру үшін Үкімет мүшелеріне және әкімдердің орынбасарларына сөз беріледі. Содан кейін сұрақтар мен жауаптар, талқылау, соңында қаулы қабылдау ұсынылады.

Құрметті әріптестер, осы тәртіппен жұмыс істеуге келісесіздер ме, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса сауал берген депутаттардың атынан Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ершов Сергей Михайловичке сөз беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Уважаемые коллеги и приглашенные! На прошлой неделе на заседании Сената Парламента Комитетом по международным отношениям, обороне и безопасности направлен депутатский запрос в адрес Правительства с просьбой дать разъяснение по нынешней весенне-паводковой ситуации в стране.

Едва ли не каждая весна в Казахстане сопровождается весенними паводками, чиновники на местах рапортуют о принятых мерах по предупреждению паводков и наводнений, о работах по защите населенных пунктов, расчистке русел рек, реконструкции мостов и гидротехнических сооружений, однако, к сожалению, ситуация коренным образом не меняется.

Особое беспокойство вызывает аварийное состояние гидротехнических сооружений, а в ряде случаев их полное отсутствие. Подавляющее большинство физически и морально изношено до 40 процентов.

Глава государства в марте 2019 года на совещании с участием регионов поручал Правительству принять меры по предотвращению паводков на местах. Этот вопрос является неотъемлемой частью водной безопасности страны.

В феврале 2022 года Президент страны поручил Правительству совместно с экспертами разработать проект нового Водного кодекса, поскольку принятый в 2003 году кодекс не дает возможности сохранить водные ресурсы и эффективно их использовать.

Жайық бассейнінің Ресей аумағындағы ең ірі су қоймасы Ириклин, жалпы көлемі 3,3 миллиард текше метр, Верхнеуральск су қоймасының көлемі 600 миллион текше метр, Магнитогорск су қоймасы 174 миллион, Ақъярское, Кумакское, Черновское, Красночабанское. Олардың жалпы көлемі 48,55 миллион текшеметрді құрайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Менің сұрағым Қайырбек Айтбайұлына.

Как показывает анализ, причинами возникновения обсуждаемых проблем с дорогами являются некачественная проектно-сметная документация при строительстве дорог, собственно, само строительство дорог, слабый контроль за содержанием и эксплуатацией уже построенных дорог, а также несвоевременные работы по вывозу снега, расчистке арыков, ливневой канализации, возведению дамб.

Так, на недавно построенном участке автодороги на границе Актюбинской и Атырауской областей произошел размыв дорожного полотна. В целом, как мы видим, в этом есть, наверное, упущение как при разработке проектно-сметной документации, так и качества строительства.

Также при реконструкции автодороги «Атырау – Астрахань» уже допущены ошибки в проектно-сметной документации, из-за которых произошла серьезная задержка строительных работ.

Отсюда следующие вопросы.

Рассматриваются ли более повышенные и жесткие требования к разработке проектно-сметной документации и государственной экспертизе при строительстве и реконструкции дорог и их эксплуатации?

Как построена ваша работа с соответствующими уполномоченными органами по совместным превентивным действиям по защите дорог?

Каким образом предполагается ответственность исполнительных органов за содержание местных дорог?

Кроме того, в целях информации просим письменно представить сведения о дополнительных расходах по устранению дорожных проблем, связанных с паводками и их причинами, в целом по стране в разрезе регионов. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайырбек Айтбайұлы, жауап беріңіз.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Гумар Ислямович, в рамках поднимаемых Вами проблем разработаны изменения в Закон «О транспорте», который сейчас находится в Мажилисе. Там предусмотрена не только административная ответственность, но и уголовная ответственность для участников строительной отрасли, в том числе по строительству дорог, а также для сотрудников проектных организаций и сотрудников технадзора. Это первое.

Второе. Более 1000 нормативно-правовых документов и стандартов регулируют строительство дорог. В рамках них в текущем году проводим работу, до начала 2023 года закончим эту работу, приведение в соответствие с требованием настоящего времени.

В прошлом году центрами качества было проведено 27 тысяч проб, из них 8 тысяч проб показали, что дороги не соответствуют качеству. И нарушения были устранены подрядными организациями за счет собственных средств.

Такую декомпозицию мы делаем для местных исполнительных органов и обязываем их при строительстве дорог в населенных пунктах, чтобы такие же лаборатории качества проверяли качество дорог.

Это те системные меры, которые мы применяем сейчас при строительстве дорог, будем устранять те нарушения, которые были.

По взаимодействию государственных органов, вы знаете, существует межведомственная комиссия под председательством Первого заместителя Премьер-Министра. В рамках этой комиссии каждому государственному органу четко определен фронт работы. И карта проблемных участков, которая создана в Министерстве по чрезвычайным ситуациям, также декомпозируется к нам. И все свои проблемные участки знаем.

К сожалению, природа – такая вещь, как я в докладе озвучил, 50 лет дорога стояла, никогда в жизни там таких ситуаций не было, вдруг в этом году возникла. Будем учитывать и эти мероприятия.

По ответственности местных исполнительных органов. В законе предусмотрена административная и уголовная ответственность государственных служащих за действие или бездействие, то есть за халатность государственных органов.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. В тех изменениях, которые вы предполагаете, вы предусмотрели вопрос обязательного заключения договоров с республиканской структурой, которая следит за качеством дорог? Потому что сегодня по законодательству регионы не заключают договоров, и качество дорог остается только в ведении технического надзора. А они, как Вы сказали, по-разному относятся к своей работе. Шартқа тұру міндетті түрде соларға бекітіле ме?

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Ғұмар Ислямұлы, сіз қолдасаңыз бекітіледі ғой. Біз осы мәселені көтердік. Біз өз тарапымыздан республикалық жолдарға міндетті түрде жол сапасын тексеру лабораториясын енгіздік. Енді жергілікті әкімшіліктер аналар тексерсін деп қол қоя ма, қол қоймай ма өздерінің жолдарына қарай өздері шешім қабылдайды.

Заңды түрде біз өзгертейік деп едік. Чтобы независимая экспертиза была, мы говорим: давайте поручим нашему центру качества, чтобы они и ваши дороги проверяли. Однако Министерство финансов данное мероприятие не поддержало. Поэтому мы в законе обязали местные исполнительные органы привлекать независимые лаборатории, чтобы они проверяли дороги населенных пунктов. Давайте в рамках данного законопроекта вернемся и шире рассмотрим данную проблему.

ТӨРАҒА. Хорошо. При рассмотрении соответствующего законопроекта вернемся к этому вопросу.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Төтенше жағдайлар министрі мен Экология, геология және табиғи ресурстар министріне арналады.

Құрметті Юрий Викторович! Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Өздеріңізге белгілі, «Сырдария өзені арнасын реттеу және солтүстік Арал теңізін сақтау» (САРАТС) жобасының бірінші кезеңі аясында Көкарал бөгетінің су тастау құрылысы мен «Ақлақ» су торабының құрылысы жүзеге асырылды.

2017 жылы Көкарал бөгетінің су тастау құрылысының оң жақ жағажайының 135 метрі сумен шайылып зақымдана бастады.

2019 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметке Кіші Аралды сақтап қалу бойынша шұғыл шараларды қабылдауды тапсырған болатын.

2020 жылы республикалық бюджеттен сметалық құжаттаманы әзірлеуге 100 миллион теңге, 2021 жылы мемлекеттік сараптамадан өткізуге 10,7 миллион теңге қаржы бөлінген. Алайда құжат әзірлеу жұмыстары өте баяу қарқында жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі күні бөгеттің зақымдалған бөлігі күн санап ұлғайып, 200 метрге дейін жетіп отыр. Президенттің шұғыл тапсырмасына қарамастан 3 жыл өтсе де жөндеу жұмыстары әлі басталған жоқ.

Көкарал бөгеті бұзылған жағдайда 27 миллиард текше метр су көлемі бар Кіші Арал теңізінен толық айырылып қаламыз. Оның экологиялық, экономикалық, әлеуметтік салдары жергілікті халық үшін де, мемлекет үшін де өте ауыр болатыны белгілі.

Сонымен қатар 2012 жылы пайдалануға берілген «Ақлақ» су торабы да қазір қиын жағдайда. Осы жылдар аралығындағы қыс-көктем айларында мұз жүру әсерінен су торабының тоғыз мұзжарғышының бесеуі құлаған болатын.

Стратегиялық маңызы бар бұл су торабы істен шыққан жағдайда 8 канал арқылы суландырылатын теңіз маңындағы көлдер жүйесі мен шабындықтар сусыз қалады. Сондықтан «Ақлақ» су торабына шұғыл түрде жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл мақсатқа шамамен 1,2 миллиард теңге қажет.

Юрий Викторович, осы ретте сізге сұрағым:

Аталған стратегиялық нысандардың жай-күйінен хабарыңыз бар ма? Сол нысандарға барып нақты жағдаймен таныстыңыздар ма? Қолданыстағы заңнама аясында осы объектілерді шұғыл жөндеуге жататын апатты нысан ретінде танып, оның алдын алу мақсатында төтенше жағдайға қаралған үкіметтік резервтен қаражат бөлуге бола ма?

Серікқали Аманғалиұлы, екінші сұрақ өзіңізге.

Бізді алаңдатып отырған мәселе «Көкарал» бөгетін жөндеу жұмыстарының жоспары қалай болады, биылғы жылы басталады ма?

Су ресурстары комитетінің теңгеріміндегі «Ақлақ» су торабын жөндеу жұмыстарын қалай жүргізуді жоспарлап отырсыздар? Рақмет.



ТӨРАҒА. Юрий Викторович, пожалуйста.

ИЛЬИН Ю.В. Спасибо за вопрос.

Действительно, была проблема, которую Вы озвучили, уже не один год, была создана комиссия, куда входили сотрудники Министерства по чрезвычайным ситуациям, было обследовано и принято решение о разработке проектно-сметной документации.

На сегодняшний день в случае, как предложение в вопросе прозвучало, объявления о чрезвычайной ситуации, балансодержателем является подразделение «КазВодХоз», готовы рассмотреть и внести в Правительство вопрос о выделении финансирования из республиканского бюджета по линии резерва на чрезвычайные ситуации.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Серікқали Аманғалиұлы.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, «Көкарал» бөгетін қалпына келтіру бойынша айтсақ, бұл жоба байынша «Көкарал» бөгетін нығайту және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру көзделген. Оған болжамды құны 5 миллиард теңге жобалық-сметалық құжаттама қазіргі таңда әзірленді, мемлекеттік сараптамаға енгізілді.

Сараптаманың қорытындысын алу ағымдағы жылдың мамыр айының 15 жұлдызына жоспарланған. Сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін министрлік Су ресурстары комитетінің бюджетін түзету шеңберіне құрылыс жұмыстарын бастауға Қаржы министрлігіне 500 миллион теңгеге бюджеттік өтінім енгізетін болады.

Ал «Ақлақ» су торабын жөндеу жұмыстары бойынша проблеманы біз білеміз. Өткен жылы «Ақлақ» су торабының техникалық жағдайын анықтау мақсатында мамандар су асты тексеру жұмыстарын жүргізді. Енді кезекті жөндеу жұмыстарының көлемін анықтау үшін тамыз айында Сырдария өзенінің суы азайған кезде жобалық іздестіру жұмыстарын жасау жоспарлануда.

Іздестіру қорытындысымен біздің мекеме – «Казсушар» РМК есебінен жобалық-сметалық құжаттама әзірленетін болады. Жобалық-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін біз Қаржы министрлігіне өтінім енгіземіз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ. Енді талқылауға көшейік.

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә. С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Халқымыз сулы жер – нулы жер дейді. Елімізде 1991 жылы 22 миллион жалпы егіс алаңының 7 пайызын суармалы жерлер алып, егін шаруашылығы өнімінің 40 пайызға жуығын берді және су саласында республиканың 2,3 миллион гектар суармалы жеріне қызмет көрсететін жобалау, құрылыс,

пайдалану, бассейндік ұйымдарда 38 мың 500 маман жұмыс атқарса, қазіргі уақытта осы салада шамамен 5 мың ғана қызметкер бар.

1992 жылы Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі таратылған сәттен бастап су шаруашылығының жағдайы тұрақты нашарлай бастады. Негізінен бөгеттерді, суармалы жерлерді жекешелендіруден бұрын суарылған алқаптардың 1,2 миллион гектардан астамын жоғалтуға әкеліп соқты және тұтастай алғанда саланы орталықтандырылған кешенді басқарудың жоғалуына байланысты проблемалар пайда бола бастады.

Қазіргі уақытта гидротехникалық құрылыстардың техникалық жай-күйі, олардың көпшілігінің авариялық жағдайын жедел жоюы алаңдаушылық туғызуда. Сондай-ақ олардың қауіпсіздігін уақытылы декларациялауды қадағалаудың тиімділігін арттыру міндеті тұр. Осыған байланысты су шаруашылығы жөніндегі жеке уәкілетті мемлекеттік орган құру қажеттілігі туындап отыр. Ол ирригациялық және дренаждық жүйелерді, жайылымдарды суландыру және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау құрылыстарын, әртүрлі мақсаттағы бөгеттерді қоса алғанда су объектілерінің барлық түрлерін жобалауды, салуды және пайдалануды басқаруды және бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Су секторындағы бүгінгі қалыптасқан жағдай қазіргі заманның талабына сай келетін нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу және су саласының білікті кадрларын даярлау жолымен мемлекеттің су шаруашылығы саясатын түбегейлі жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі уақытта 2003 жылы қабылданған Су кодексі қолданылады. Кодекс су шаруашылығы құрылыстарын жобалаудың, салудың және пайдаланудың техникалық мәселелерін регламенттемейді. Бұл мәселелер әртүрлі құрылыс нормалары мен ережелері және ведомстволардың бұйрықтарымен реттеледі. Осыған орай «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» Заң қабылдауымыз қажет.

Ерекше назар аударуды талап ететін келесі мәселе – су шаруашылығындағы кадрлық әлеуетті күшейту.

1962 жылы құрылған Су шаруашылығы саласына инженерлерді Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты дайындады. 1998 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты облыстық педагогикалық және технологиялық институттарымен біріктіріліп, олардың негізінде М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті құрылды.

Қазіргі таңда білім ошақтарында «Гидротехникалық құрылыс», «Сумен жабдықтау және кәріз» және басқа да инженерлік мамандар даярланбайды. Олардың орнына жеткілікті инженерлік құрам бермейтін және су саласының қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарына жауап бермейтін «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы енгізілді. Осыған байланысты су саласының кадрларын даярлаудың бұзылған жүйесін қалпына келтіру мақсатында бірыңғай білім беру орталығы – Су шаруашылығы академиясын құру ұсынылады. Ол бір жоғары оқу орнында барлық академиялық дәрежелердің – бакалавр, магистр, ғылым докторы мамандарын даярлауды шоғырландырады. Мұны Тараз университетінің құрамынан шығара отырып, бұрынғы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты негізінде жасауға болады.

Менің бүгінгі баяндамамды депутаттық сауал ретінде қабылдауларыңызды сұраймын, оның толық мәтіні Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің атына жолданатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! В последние годы в стране наводнениям подвержены определенные районы страны, с неизбежным постоянством там появляется большая вода. И каждый год официальные власти находили какие-то причины такой повторяемости природной стихии, то есть это аномальное выпадение осадков, быстрое таяние снега, строительство жилых домов в руслах рек и так далее.

Мне кажется, что у Правительства нет ни тактического, ни стратегического плана развития водной отрасли экономики, в том числе по вопросам защиты от наводнений и паводков.

Полагаю, что одной из причин такого положения является многосубъектность в сфере управления водными ресурсами. По действующему законодательству, помимо уполномоченного органа, государственное регулирование водного фонда осуществляется еще несколькими государственными органами, что приводит к несогласованности их действий, а также размывает границы ответственности и принципы их взаимодействия. Ввиду этого при наступлении чрезвычайных ситуаций (наводнение, паводки) случаются конфликты ведомственных интересов уполномоченных государственных органов по управлению водным фондом, по чрезвычайным ситуациям и других государственных органов.

Кроме того, отсутствие анализа и работы по систематизации сведений о паводковых явлениях еще больше приводит к усугублению ситуации в данной сфере.

По мнению экспертов, основными причинами возникновения катастрофических наводнений являются:

низкий уровень мониторинга и обобщения имеющейся информации о запасах снежных покрытий в водосборной площади рек;

слабая организация противопаводковых мероприятий, предшествующих периоду паводка;

отсутствие анализа и обоснования воздействия и степени опасности малых водотоков при весеннем снеготаянии;

обустройство сельских населенных пунктов без учета особенностей приречной долины и отсутствие картографических материалов с указанием возможных зон прохождения и затопления паводков редкой повторяемости;

проектирование водопропускных сооружений, инженерных коммуникаций и других защитных противопаводковых систем без учета мощности паводка и процента обеспеченности стока воды в период паводка;

высокая засоренность речных русел и поймы, отсутствие мероприятий по очистке русел рек от мусора и так далее.

В этой связи хотелось бы обратить внимание Правительства на необходимость принятия комплекса мер по устранению вышеуказанных причин, а также систематизации информации по паводкам для оценки риска наводнений и управления ими.

При этом полагаем, что создание каталога паводкоопасных территорий и паспортов паводкоопасных речных бассейнов, отражающих динамику прорывоопасных сосредоточений, а также количественные и качественные характеристики паводка и наводнений, позволит достичь решения вышеперечисленных задач. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қайырлы күн, қымбатты әріптестер! Бүгінгі талқылауларды тыңдап отырып Президенттің Жолдауында айтқан «мен халқымның бүгін бақытты болғанын тілеймін» деген сөзі есіме түсіп отыр. Келер шақта көп сөйлеп отырмыз. Бүгінгі әңгімені тыңдап отырып, «біз қашан сулы, нулы ел боламыз» деп халқымыздың сұрақ қоюға хақы бар.

Өз басым депутат ретіндегі алғашқы жұмыс сапарымда «Көкарал» бөгетіне барған едім. Сол жылы біз депутаттық сауал жолдап, сол жақтағы жағдайды жазып, Сыр елінің жанайқайын жеткізген едік. Баяғы жартас сол жартас болып қалып жатыр.

Көріп отырсақ, жыл сайын қайталана беретін көктемгі су тасқыны мәселесіне тегеурінді, кешенді, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелген жаңа көзқарас керек. Бұл сала мемлекеттік саясаттың басым бағыты болуы тиіс.

Су апаттарының алдын алу мәселесіне бүгінде алты министрлік жауапты, сондай-ақ бұған жергілікті әкімдіктердегі коммуналды мекемелерді қосыңыз. Көріп отырсақ, жер қайысқан қол. Ал топан судың бетін қайтаруға келгенде жыл сайын қауқары жоқ болып шығады. Неге?

Өткені мемлекеттік органдардың арасында ең бірінші кезекте бірыңғай даму стратегиясы жоқ, жүйе жоқ, жауапты бір орган жоқ. Салалық заңдарда, мемлекеттік органдардың ережелерінде көктемдегі су тасқынының алдын алуға қатысты бірде-бір заң нормасы жоқ. Сондай-ақ Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су комитеті жасаған стратегия бойынша атқарылып жатқан жұмыстың сапасын кім бақылап жатқаны белгісіз.

Сөзімнің дәлелі ретінде мына ақпаратты беріп отырмын, бір ғана мысал: Есеп комитетінің 2020 жылғы есебінде «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бюджет қаражатының игерілуіне байланысты мәлімет берілді.

2020 жылы бұл мекеме апаттық жағдайда тұрған 5 су қоймасы мен гидротехникалық құрылымдардың жөндеу жұмыстарына бөлінген қаржының 4 миллиард теңгесін бюджетке қайтарған, яғни 5 нысанның тек біреуіне ғана жөндеу жұмыстарын жүргізіп, пайдалануға берген.

Бүгінде еліміз бойынша жұмыс істеп тұрған су бөгеттерінің 40 пайызы ескірген. Нысан иелерінің оны жөндеуге құлқы жоқ, ал ескі бөгет жарылып, елді су басқанда апат салдарымен күресетін мемлекет қана.

Ескірген, апатты жағдайда тұрған су бөгеттерін жөндемек түгілі мемлекет берген ақшаны игере алмай, бюджетке кері қайтарып, жағдайды сол қалпынша қалдырып бақылаушы рөлінде отырған уәкілетті органның позициясын қалай түсінуге болады?!

Әрине, бұл проблемалар бір сәтте пайда болған жоқ.

Жалпы, су ресурстары комитеті Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы құрылғаннан бастап 1995 жылға дейін өте қауқарлы жеке мемлекеттік орган ретінде жұмыс істеген. Содан бері бұл орган 10 рет қайта құрылып әр түрлі министрліктің қол астына өтіп отырған. Бұл жағдай саланың құлдырауына, суымыздың қараусыз қалуына әкеп соққанын көріп отырмын.

Бүгінде сала мамандары тапшы. Гидро-инженер, гидротехник, гидрогеолог мамандарын шырақ алып іздейміз. Осыны айта келе «Болашақ» бағдарламасы мен жоғары оқу орындарында осы мамандықтар бойынша квоталар қарастыру керек деп есептеймін.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы ақпанда жаңа Су кодексін әзірлеуді тапсырған.

Онда сумен қамту және су бұру қауіпсіздігін реттейтін нормаларды қарастыру, әрбір уәкілетті органның күзиретін нақтылау, жауапкершілікті арттыру қажет, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіру жұмыстарына бақылауды күшейту керек деп ескертті. Осы айтылғандардың барлығы жаңа кодексте заңдық негізін табады деп үміттенеміз.

Су – стратегиялық ресурс. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Сол себепті уәкілетті органдар тоқсан сайын, яғни үш айда бір рет су мәселесі бойынша Үкіметке есеп беріп отырса жағдай үнемі бақылауда болар еді деп ойлаймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды.

Регламентке сәйкес бұл мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер! Көктемгі су тасқыны халықты әуре-сарсаңға салған және әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Бұл проблеманы Үкімет те, жергілікті атқарушы органдар да әрдайым назарда ұстап отырмыз дегенмен жыл сайын осындай жағдайлар қайталануда. Соның салдарынан көптеген адам зардап шегуде.

Апат айтарлықтай экономикалық шығындарға да әкелуде. Бұған дейін сенаторлар парламенттік тыңдауларда және депутаттық сауалдар арқылы бірнеше рет Үкіметке осы бағыттағы проблемаларды шешу жолдарын ұсынған болатын. Бірақ әлі күнге дейін нақты нәтиже жоқ. Бұл мәселеге немқұрайлы қараудың салдары қандай болатынын бәріміз көріп отырмыз. Сондықтан кешенді шешімдер қабылдау қажет деп есептейміз.

Үкімет төтенше жағдай салдарын жоюға ғана емес, тасқынның алдын алуға бағытталған нақты қадамдар жасауға тиіс. Осы ретте Үкімет мүшелері сенаторлар көтерген мәселелер мен айтқан ұсыныстарды алдағы уақытта ескереді деп сенеміз. Осы мәселені Сенат өз бақылауында ұстайды. Жылдың екінші жартысында осы мәселеге тағы да оралып, атқарылған жұмыстарды қарайтын боламыз.

Палата отырысына шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Бейнеконференц байланысы өшірілсін.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды.

Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҮЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, рақмет.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына жолданады.

«Құрметті Роман Васильевич! Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысында республикалық және жергілікті маңызы бар жолдардың 38 пайызы нашар жағдайда. Жылдан-жылға бұл проблема әлеуметтік желілерде де, өңірге жұмыс сапарлары барысында өзекті болып қалуда.

Несмотря на значимость и актуальность вопроса, ряд проектов, вошедших в Национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны», пока не находят своего решения. Такая ситуация может привести к срыву реализации государственных программ и неисполнению поручений Главы государства.

Сегодня в Северо-Казахстанской области ремонта требует ряд участков дорог республиканского значения.

Первое. Завершение реконструкции дороги М-51 из Челябинска в Новосибирск через Петропавловск протяженностью по Казахстану 190 километров. В рамках этого проекта в период с 2017 по 2019 годы планировалось реконструировать 31 километр автомобильной дороги. Однако до сих пор работы не завершены. Разбитый участок протяженностью 16 километров встречает въезжающих в Казахстан через международный транспортный коридор ямами и ухабами, который преодолевается часами, не говоря об износе автомобилей.

Реконструкция не ведется второй год из-за удорожания дорожно-строительных материалов. Вместе с тем с каждым годом и в свете последних событий цены на строительные материалы значительно выросли. Поэтому чем дальше будет оттягиваться завершение строительства, тем дороже обойдется.

Важно отметить, что эта дорога соединяет регион с четырьмя регионами России. Вместе с тем продолжающаяся на протяжении уже шести лет реконструкция существенно снижает транспортно-транзитный потенциал этой дороги.

Наряду с завершением данных работ требуют реконструкции и другие участки этого международного транзитного коридора, на которых уже более 40 лет не проводился капитальный ремонт. К слову сказать, это может вызвать желание Российской Федерации строить альтернативную дорогу, и мы потеряем весь транзитный потенциал.

Более того, один из участков данной дороги ежегодно подтапливается паводковыми водами, что приводит к длительному ограничению движения транспорта.

Поэтому требуется принятие мер по повышению несущей способности дорожного покрытия, расширению и приведению дороги в соответствие с современными требованиями к безопасности дорожного движения и нагрузкам автотранспортных средств, а также строительству моста с эстакадой на подтапливаемом участке. Все это важно для недопущения снижения транзитных грузопотоков и региональной конкурентоспособности транспортной системы страны.

Второе. Реконструкция автомобильной дороги А-16 «Жезказган – Петропавловск», соединяющей центральные и северные регионы страны. Несмотря на то, что реализация проекта предусмотрена в двух стратегических документах – в программе «Нұрлы жол» и Национальном проекте «Сильные регионы – драйвер развития страны», разработка проектно-сметной документации так и не начата.

Поэтому, учитывая социально-экономическую значимость данной дороги, необходимо в кратчайшие сроки приступить к разработке проектно-сметной документации и реконструкции автомобильной дороги.

Третье. Реконструкция участка дороги Р-49 «Обход города Петропавловска», служащего в паводковый период защитной дамбой для жилого района города Петропавловска. Реализация данного проекта, по которому разработана вся необходимая документация, позволит значительно минимизировать паводковые угрозы в городе Петропавловске, жители которого не раз были отрезаны от города и теряли свое имущество в период затопления.

Четвертое. Реконструкция участка дороги А-13 «Кокшетау – Кишкенеколь – Бидайк – Омск», связывающего регионы России с Щучинско-Боровской и Шалкар-Имантауской курортными зонами и обладающего значимым транзитным потенциалом.

Кроме того, для улучшения и поддержания дорог области в хорошем состоянии также необходимо обеспечить проведение ежегодного среднего ремонта не менее 400 километров автомобильных дорог.

С учетом вышеизложенного просим Вас, уважаемый Роман Васильевич, принять оперативные меры по реализации указанных проектов в целях улучшения сети автомобильных дорог Северо-Казахстанской области, оказывающих мультипликативный эффект для социально-экономического развития региона и страны в целом.

Ответ на депутатский запрос просим представить в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Сената Парламента Перепечина и Султанов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту әрқашанда өзекті мәселе болып табылады.

Маңғыстау облысы бойынша тұрғындардың су тұтыну көлемі тәулігіне 200 мың текше метр. Бүгінгі таңда барлық су көздерінен алынып отырған ауызсу көлемі тәулігіне 150 мың текше метр. Судың жетіспеушілігі тәулігіне 50 мың текше метрді құрайды.

Маңғыстау облысының ауызсу жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін бірнеше бағыттар бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді және олардың басым көпшілігі құрылыс жұмыстарын жүргізу немесе жобалау сатыларында. Оның ішінде облыстың екінші ірі елді мекені, 160 мың тұрғыны бар, климаттық жағдайы өткір континенталды, қысы қытымыр суық, жазы аңызак аптап ыстық – Жаңаөзен қаласын жеткілікті көлемде сапалы ауызсумен қамту аса өзекті мәселе болып қалуда.

Қазіргі кезде Жаңаөзен қаласына ауызсу ресурсы екі көзден жеткізіледі:

1) 1000 шақырымдық «Астрахань – Маңғышлақ» су құбыры арқылы Еділ өзенінің суы;

2) «Түйесу» және «Сауысқан» кен орындарының жер асты артезиан суы.

Қала халқының су тұтыну көлемінің жыл сайын артуы мен су жеткізуші ұйымдардың технологиялық құрал-жабдықтарының тозуы соңғы кездерде жылдың 12 айында да суды кестемен беруге мәжбүрлеуде. Мәселен, 2021 жылы 10 миллион 600 мың текше метр ауызсу жеткізуге өтінім берілген. Алайда жеткізуші ұйымдардың техникалық мүмкіндігіне қарай тек қана 9 миллион 400 мың текше метр су жеткізілді, яғни 1 миллион 200 мың текше метр су жетпеді.

Бірнеше объективті себептердің ішінде ауызсу жеткізу жоспарының орындалмауына 40 жылдан астам пайдаланудағы «Астрахань – Маңғышлақ» су құбырының технологиялық құрал-жабдықтарының тозуының нәтижесінде орын алатын апаттық тоқтатулар тікелей әсер етеді. Тәжірибеде апаттық жағдайды қалпына келтіріп, босаған су құбырын суға толтырып, су беру режимін қалыпты деңгейге шығару үшін кемінде екі-үш тәулік уақыт жұмсалады. Бұндай жағдайлар тұтынушыларға онсыз да шектеулі су беруді одан әрмен мәжбүрлі азайтуға әкеледі.

«Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында» Кендірлі демалыс аймағы, Тоқмақ жерінде қуаттылығы тәулігіне 50 мың текше метр теңіз суын тұщыту зауытының құрылысын салу көзделген. Зауыт құрылысы 2020 – 2022 жылдары салынып, пайдалануға беріледі деп жоспарланған болатын.

Қазіргі уақытта жаңадан қабылданған «Маңғыстау облысының 2021 – 2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында» зауыт құрылысын салу 2022 – 2024 жылдарға жоспарланды.

Өзіңіз көріп отырғандай, өкінішке қарай, ұйымдастырушылық жұмыстар мен тиісті шешімдердің дер кезінде қабылданбауының салдарынан зауыт құрылысының мерзімі бірнеше мәрте кейінге шегеріліп, халықтың өмірлік маңызы бар ресурсқа толыққанды қол жеткізуге құқығы шектелуде.

Бұл жобаның маңыздылығы 2021 жылғы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өтіліп, «Самұрық



Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына және Үкіметке 2024 жылдың аяғына дейін су тұщыту зауытын іске қосу қажеттігі туралы тиісті тапсырма берілді. Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 67-тармағымен бекітілген. Алайда жобаны іске асыру жұмыстары кешігуде, зауыт құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесінің әзірленгеніне 1 жыл уақыт өтсе де әлі күнге дейін жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталмады, құрылысты қаржыландыру көздері мен тетіктері нақты пысықталып шешілген жоқ. Жауапты «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тарапынан бірнеше инвесторлармен келіссөздер жүргізілгендігі айтылғанымен, түпкілікті шешім қабылданбаған.

Аталған жағдай зауытты іске қосу мерзімін тағы да бірнеше жылға кешіктіретіні сөзсіз, ол өз кезегінде ауызсудан онсыз да таршылық көріп отырған Жаңаөзен қаласы халқының өмір сүру сапасына айтарлықтай кері әсер ететіні айдан анық.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда аталғандардың негізінде Жаңаөзен қаласы халқының игілігі үшін сапалы ауызсу жеткізуді және өңірдегі әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында «Кендірлі» демалыс аймағы, Токмақ жеріндегі тәулігіне 50 мың текше метр су тұщыту зауытының құрылысын іске асыру жұмыстарын жеделдетуге нақты тапсырма беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Шелпеков, Алдашев, Трұмов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2022 жылғы 14 сәуір**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав ребенка, образования, информации и информатизации», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам СУЛЕЙМЕН Л.Ж. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. .... 4

КАРИНОВА Ш.Т. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі, первый вице-министр образования и науки Республики Казахстан ..... 4

НҰРСИПАТОВ Н.Н. .... 5

ҚАДЫРОВ Д.Р. – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі, вице-министр информации и общественного развития Республики Казахстан ..... 5

ШЕЛПЕКОВ Б.А. .... 6

КАРИНОВА Ш.Т. .... 6

БУЛАВКИНА О.А. .... 6

ҚАДЫРОВ Д.Р. .... 7

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. .... 8

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:	
БАҚТИЯРҰЛЫ М. ....	9
ЖҮСП Н.Б. ....	11
ИСАБАЕВ Б.Ө. ....	12

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав ребенка, образования, информации и информатизации» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. .... 13

**Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Ю.В. Ильиннің елдегі көктемгі су тасқыны жағдайы туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы**

Об устном ответе Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан Ильина Ю.В. на депутатский запрос группы депутатов Сената Парламента Республики Казахстан о весенне-паводковой ситуации в стране

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:	
ЕРШОВ С.М. ....	15
ИЛЬИН Ю.В. – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Министр по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан .....	16
БРЕКЕШЕВ С.А. – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан .....	20
ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан .....	22
ИМАНҚҰЛОВ Ж.И. – Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, заместитель акима Актюбинской области .....	23
МЕНДІҒАЛИЕВ Т.Ж. – Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, заместитель акима Западно-Казахстанской области .....	24
БАСИН В.Б. – Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, заместитель акима Карагандинской области .....	25
КҮРІШБАЕВ А.Қ. ....	26
ИЛЬИН Ю.В. ....	27
БРЕКЕШЕВ С.А. ....	27

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. ....	27
ИЛЬИН Ю.В. ....	28
БРЕКЕШЕВ С.А. ....	29
ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. ....	30
ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. ....	30
ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. ....	31
ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. ....	31
ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. ....	32
ИЛЬИН Ю.В. ....	33
БРЕКЕШЕВ С.А. ....	33
ҚҰРТАЕВ Ә. ....	33
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. ....	35
НҰРЖІПТОВА Д.Ө. ....	36

**Депутат Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата СУЛТАНОВА Е.Х. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. .... 38

**Депутат С.Ө. ТРҰМОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата ТРУМОВА С.У. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 39

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева